

Тінту және алу



Орындаған: Турысбеков Дулат

Тобы: СК(К)-302

Тексерген: Нуркеева Д.Р

Тінту және оның түрлері

- Тінту – бұл іс үшін мағызы бар заттарды немесе құжаттарды табу және алу, іздестіріліп жатқан адамдар мен мәйіттерді табу, сондай-ақ мәлімденген азаматтық талапты немесе мүмкін болатын тәркілеуді қамтамасыз ету үшін мүлікті анықтау мақсатында үй-жайларды, жер телімдерін немесе құжаттарды мәжбүрлі тексеру (ҚІЖК 230-бап)

Жоғарыда айтылған анықтамадан заңда тінтудің мынандай түрлері көзделген.

1. *Тінту жүргізілетін объектілеріне қарай:*

- үй-жайларда

- дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайларда
- Жергілікті жерде
- Жеке адамды тінту болып бөлінеді.

2. Мақсаттарына қарай тінту:

- іздестіріліп жатқан адамды
- мәйіттерді
- заттар мен құжаттарды
- азаматтық талапты немесе тәркілеуді қамтамасыз ету мақсатында мүлікті табу үшін жүргізіледі.

3. Ұйымдастыру әдісіне қарай:

- бірең-сараң
- топтық

4. Қайталану принципіне қарай:

- бастапқы
- қайталама тінтуге бөлінеді

□ «Тінту» деген терминнің өзі белсенді әрекетті – нақты қылмыспен өзара байланыста дәлелдеудің негізіне алуға болатын объектілерді мақсатты іздестіруді көздейді. Заңды негіз болмайынша, қандай да бір затты іздестіруге қатаң тыйым салынады. Осыған байланысты тінтудің заңды және нақты негіздерін айқын ажырата білу қажет.

□ Тінту жүргізудің *заңды негіздеріне* мыналар жатады:

- Қозғалған қылмысты істің болуы
- Тергеушінің, прокурордың дәлелді қаулысы немес сот шешімі
- Тергеушінің қаулысына берілген прокурордың рұқсаты.

Тінту жүргізудің *нақты негіздеріне* мыналар жатады:

- Белгілі бір жерде іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттар, іздестіріліп жатқан адамдар, мәйіттер, мәлімденген азаматтық талапты немесе тәркілеуді қамтамасыз етуге қажетті мүліктер бар немесе болуы мүмкін екендігі туралы жеткілікті мағлұматтар

- тінту жүргізілетін үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызы болатын заттарды немесе құжаттарды өзіне жасырып ұстауда деп ойлауға жеткілікті негіздер болғанда (ҚІЖК 233-бабы, 3-бөлік)
- Адам ұсталса немесе қамауға алынса.

Топтық тінту – бұл әр түрлі жерде немесе әр түрлі адамдарда бір, әдетте көп оқиғалы қылмыстық іс бойынша бір мезгілде тінту жүргізу. Әр бір топ іс жүзінде тінту үшін көзделген барлық ережелерді сақтай отырып, жеке тінту жүргізеді.

Тінтуді алудан айыра білу керек. Ол алынуға жататын заттың қайда екені белгісіз болған жағдайда, яғни оны іздестіру қажеттігі туған кезде жүргізіледі.



Тінту жүргізу кезі

Алу



- **Алу** – азаматтардан, мекемелерден, ұйымдардан, кәсіпорындардан іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттарды алдын ала іздестіруге алып қою (ҚІЖК-ң 231-б) Бұл тергеу іс-әрекеті мәжбүрлі іс-әрекет болып табылады. Алдын ала іздестіру кезеңінің болмауы алуды жүргізуді уәкілетті адамның іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттардың қай жерде, кімде жатқанын дәл білетінін көрсетеді. Алудың арнайы мақсаты уәкілетті адамның күні бұрын белгіленген заттары мен құжаттарының белгілі көлемімен және тізбесімен шектеледі. Бұл тізбеге адамдар да, тірі мақұлықтар да, мәйіттер де кірмейді. Алу кезінде заттар мен құжаттардың санатына кірмейтін өзге объектілердің табылуы алуды тінтуге айналдырады. Бұл алудың мұнда тінтудің міндетті бөлігі ретінде көрінгенін білдіреді.



*Іске маңызы бар алынған
зат*